

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРАҒИ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТИ
Ш.Ш. УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»
ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



2023.10 (4)
қазан-желтоқсан

ISSN 2710-3994

ISSN 2710-3994 (online)

Құрылтайшысы және баспагері: Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген. Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Журналда тарих ғылымының *келесі бағыттары* бойынша ғылыми жұмыстар жарияланады: тарих (дүниежүзі және Қазақстан тарихы), деректану және тарихнама, археология, этнология, антропология.

Жарияланым тілдері: қазақ, орыс, ағылшын.

Редакция мен баспаның мекен-жайы:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институты 2023
© Авторлар ұжымы, 2023

БАС РЕДАКТОР

Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, ҚР ҒЖБМ ҒКШ.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының директоры. (Қазақстан)

РЕДАКЦИЯЛЫҚ АЛҚА

Аяған Бүркітбай Ғелманұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҒЖБМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)

Әлімбаев Нұрсан — тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Әбіл Еркін Аманжолұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)

Вернер Кунтһиа (Werner, Cynthia) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Техас университеті. (АҚШ).

Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University). (АҚШ)

Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)

Қожамжарова Дария Пернешқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)

Кожирова Светлана Басиевна — саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры. (Қазақстан)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — тарих ғылымдарының докторы, профессор. Канзас университеті. (АҚШ)

Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті. (Қазақстан)

Көмеков Болат Ешмұхамедұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қыпшақтану институтының директоры, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы — филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, Оксфорд университетінің профессоры. (Ұлыбритания)

Муминов Ашірбек Құрбанұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ислам тарихы, өнер және мәдениет ғылыми-зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері IRCICA – İslam Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Түркия)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашұлы — археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР ҒЖБМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)

Смағұлов Оразақ Смағұлұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)

Сыдықов Ерлан Бәтгашұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)

Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)

ЖАУАПТЫ РЕДАКТОР

Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы — тарих ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының жетекші ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ҒЫЛЫМИ РЕДАКТОРЛАР

Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы — PhD, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Астана қаласындағы филиалының директоры. (Қазақстан)

Қапаева Айжан Тоқанқызы — тарих ғылымдарының докторы, профессор, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының Бас ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

Қубеев Рустем Жаулыбайұлы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының ғылыми қызметкері. (Қазақстан)

ТЕХНИКАЛЫҚ ХАТШЫ

Копеева Сания Жуматайқызы — Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының қызметкері. (Қазақстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Учредитель и издатель: РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство
о регистрации:

№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

В журнале публикуются научные работы *по следующим направлениям* исторической науки:
история (всемирная история и история Казахстана), источниковедение и историография,
археология, этнология, антропология.

Языки публикации: казахский, русский, английский.

Адрес редакции и издательства:

050010 Республика Казахстан, г. Алматы, ул. Шевченко, д. 28

РГП на ПХВ Институт истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz>

© Институт истории и этнологии
имени Ч.Ч. Валиханова, 2023
© Коллектив авторов, 2023

ГЛАВНЫЙ РЕДАКТОР

Кабульдинов Зиябек Ермуханович — доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова КН МНВО РК. (Казахстан)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ

Алимбай Нурсан — кандидат исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

Абиль Еркин Аманжолович — доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Аяган Буркитбай Гелманович — доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МНВО РК. (Казахстан)

Вернер Синтия (Werner, Cynthia) — доктор исторических наук, профессор. Техасский университет. (США)

Голден Кэти Стромайл (Kathie Stromile Golden) — PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University). (США)

Дайнер Александр (Diener Alexander) — доктор исторических наук, профессор. Канзасский университет. (США)

Исмагулов Оразак Исмагулович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Карибаев Берекет Бахытжанович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби. (Казахстан)

Кожамжарова Дария Пернешовна — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Кожирова Светлана Басиевна — доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований. (Казахстан)

Кокебаева Гульжаухар Какеновна — доктор исторических наук, профессор Казахского национального педагогического университета имени Абая. (Казахстан)

Кумеков Болат Ешмухамбетович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Матыжанов Кенжехан Слямжанович — доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова. (Казахстан)

Моррисон Александр (Morrison Alexander) — PhD, профессор Оксфордского университета. (Великобритания)

Муминов Аширбек Курбанович — доктор исторических наук, профессор, старший научный сотрудник Исследовательского центра исламской истории, искусства и культуры. IRCICA – İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi. (Турция)

Римантас Желвис (Želvys Rimantas) — доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет. (Литва)

Самашев Зайнолла Самашевич — археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А. Маргулана КН МНВО РК. (Казахстан)

Сыдыков Ерлан Батташевич — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева. (Казахстан)

Таймагамбетов Жакен Кожаметович — доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК. (Казахстан)

ОТВЕТСТВЕННЫЙ РЕДАКТОР

Каипбаева Айнагуль Толганбаевна — кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан)

НАУЧНЫЕ РЕДАКТОРЫ

Козыбаева Махаббат Маликовна — PhD, директор филиала в г. Астана Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Капаева Айжан Токановна — доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

Кубеев Рустем Джаулыбайулы — научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ТЕХНИЧЕСКИЙ СЕКРЕТАРЬ

Копеева Сания Жуматаевна — сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч. Валиханова. (Казахстан).

ISSN 2710-3994 (online)

Founder and publisher: RSE on REM “Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology” of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of Kazakhstan

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, registration certificate: No. 14602-ИА dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic format).

The journal publishes scientific works in the *following areas* of historical science: history (world history and history of Kazakhstan), source studies and historiography, archeology, ethnology, anthropology.

Publication languages: Kazakh, Russian, English.

Editorial and publisher address:

28 Shevchenko Str., 050010, Almaty, Republic of Kazakhstan

RSE on REM Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MSHE of the Republic of Kazakhstan

Tel.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Journal website: <https://edu.e-history.kz>

© Ch.Ch. Valikhanov Institute
of History and Ethnology, 2023

© Group of authors, 2023

© Коллектив авторов, 2023

EDITOR-IN-CHIEF

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

EDITORIAL BOARD

Alimbay Nursan — Candidate of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK. (Kazakhstan)

Ayagan Burkitbai Gelmanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State SCMSHE RK. (Kazakhstan)

Werner, Cynthia — Doctor of Historical Sciences, Professor, Texas university. (USA)

Golden Kathie Stromile — PhD, Mississippi Valley State University. (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University. (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University. (Kazakhstan) **Kozhamzharova Daria Perneshovna** — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University. (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva — Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies. (Kazakhstan)

Diener Alexander — Doctor of Political Science, Professor, University of Kansas. (USA)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna — Doctor of Historical Sciences, Professor at the Abai Kazakh National Pedagogical University. (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich — Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art. (Kazakhstan)

Morrison Alexander — PhD, Professor, University of Oxford. (UK)

Muminov Ashirbek Kurbanovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Senior Researcher at the Research Center for Islamic History, Art and Culture. IRCICA (İslâm Tarih, Sanat ve Kültür Araştırma Merkezi). (Turkey)

Rimantas Želvys — Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University. (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich — archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology SC MSHE RK. (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University. (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich — Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan. (Kazakhstan)

EXECUTIVE EDITOR

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna — Candidate of Historical Sciences, leading researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology (Kazakhstan).

ACADEMIC EDITOR

Kozybayeva Makhabbat Malikovna — PhD, Director of Astana branch of the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kapaeva Aizhan Tokanovna — Doctor of Historical Sciences, Professor, Chief Researcher at the Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

Kubeyev Rustem Dzhaulybayuly — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

TECHNICAL SECRETARY

Kopeyeva Saniya Zhumataevna — researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology. (Kazakhstan)

ТАРИХ / ИСТОРИЯ / HISTORY


Published in the Republic of Kazakhstan
 Electronic scientific journal “edu.e-history.kz”
 Has been issued as a journal since 2014
 ISSN 2710-3994.
 Vol. 10. Is. 4, pp. 815–829, 2023
 Journal homepage: <https://edu.e-history.kz>

FTAXP / MPHTI / IRSTI 03.20
https://doi.org/10.51943/2710-3994_2023_36_4_815-829

MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIST

Guldana Tastekova^{1*}, *Mahsat Alpysbes*², *Dilshodbek Urakov*³

¹A. Baitursynov Kostanay Regional University
 (118, Tauelsizdik Str., 110000 Kostanay, Republic of Kazakhstan)
 PhD Student

 <https://orcid.org/0009-0007-9403-7611>. E-mail: tastekova.guldana@gmail.com

*Correspondent author

²L.N. Gumilyov Eurasian National University
 (2, Satpayev Str., 010000 Astana, Republic of Kazakhstan)
 Doctor of Historical Sciences, Professor

 <https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>. E-mail: alpysbes@mail.ru

³Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan
 (4, University Str., 100174 Tashkent, Republic of Uzbekistan).
 Doctor of Historical Sciences, Head of the Department of World History

 <https://orcid.org/0000-0003-2977-001X> E-mail: urakov.d.nuuz@gmail.com

© Ch.Ch. Valikhanov IHE, 2023

© Tastekova G.B., Alpysbes M.A., Urakov D.Zh., 2023

Abstract. Introduction. The article examines the life and socio-political activities of the representative of the Kazakh national intelligentsia, Myrzagazy Espolov. Based on archival sources, his personality formation is considered within the walls of the Orenburg Russian-Kazakh teacher's school. After the revolutionary events of 1917, Myrzagazy Espolov was actively involved in the political sphere, having supported the ideas of the Alash movement. *Goals and objectives* – to reveal from a historical point of view the features of the socio-political activity and life of Myrzagazy Espolov, the reasons that influenced the formation of his public opinion, as well as to study his place and role in the Alash movement, to investigate the socio-journalistic heritage; to reveal the origin and ways of personality formation; to study the life and work of M. Espolov during the period of political repression. *Results.* The article reveals the period of activity of Espolov as chairman of the military council of the Alash Horde and one of the organizers of the Alash army. An assessment of his activities as a member of the Turkestan Central Executive Committee is given, and his activities in the People's Commissariat of Agriculture of the Turkestan ASSR are also investigated. *Conclusions.* Espolov shared the fate of many prominent representatives of the Kazakh people who fell into the millstones of the Soviet totalitarian system and was repressed. On April 9, 1938, he was shot and buried in the Leningrad region. The study of numerous

documents and archival materials shows that this person played a significant role in the controversial events of the early twentieth century. His whole life can be seen as a desire for transformation for the benefit of the fatherland, through personal contribution. On November 4, 1988, by the decision of the Judicial Board for Criminal Cases of the Supreme Court of the Kazakh SSR, M. Espolov was fully rehabilitated.

Keywords: Myrzagazy Espolov, Orenburg teachers' Russian-Kazakh school, newspaper «Kazakh», Alash, congress, military council, commissariat, People's Commissariat of Agriculture


For citation: Tastekova G.B., Alpysbes M.A., Urakov D.Zh. Myrzagazy Espolov – activist Alash // Electronic scientific journal "edu.e-history.kz". 2023. Vol. 10. No. 3. Pp. 815–829. (In Kaz.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_815-829

МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ

Гүлдана Батталқызы Тастекова^{1*}, Махсат Алтысбес², Дилишодбек Жамолиддинович Ураков³

¹А. Байтұрсынов атындағы Қостанай өңірлік университеті
(118-үй, Тәуелсіздік көш., 110000 Қостанай, Қазақстан Республикасы)


PhD докторант

 <https://orcid.org/0009-0007-9403-7611>. E-mail: tastekova.guldana@gmail.com

*Автор-корреспондент


²Л.Н. Гумилев атындағы Еуразиялық ұлттық университеті
(2-үй, Сәтпаев көш., 010000 Астана, Қазақстан Республикасы)

тарих ғылымдарының докторы, профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>. E-mail: alpysbes@mail.ru

³Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті
(4-үй, Университет көш., 100174 Ташкент, Өзбекстан Республикасы).

тарих ғылымдарының докторы, «Дүниежүзі тарихы» кафедрасының меңгерушісі

 <https://orcid.org/0000-0003-2977-001X>. E-mail: urakov.d.nuuz@gmail.com

© Ш.Ш. Уәлиханов атындағы ТЭИ, 2023

© Тастекова Г.Б., Алтысбес М.А., Ураков Д.Ж., 2023

Аңдатпа. *Kipicne.* Мақалада қазақ ұлттық зиялы қауымының өкілі Мырзағазы Есполовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметі зерттеледі. Архив көздеріне сүйене отырып, оның жеке тұлғаның Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебіндегі қалыптастыруы қарастырылады. 1917 жылғы революциялық оқиғалардан кейін, Мырзағазы Есполов Алаш қозғалысының идеяларын қолдай отырып, саяси салаға белсене араласады. *Зерттеудің мақсаты және міндеттері* – Мырзағазы Есполовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметінің ерекшеліктерін, оның қоғамдық көзқарасының қалыптасуына әсер еткен себептерін, Алаш қозғалысындағы орны мен рөлін, қоғамдық-публицистикалық мұрасын тарихи тұрғыдан ашу; тұлғаның шығу тегі мен қалыптасу жолын зерттеу; М. Есполовтың Алаш қозғалысы қызметіндегі рөлін анықтау; М. Есполовтың публицистикалық қызметін зерттеу; М. Есполовтың қуғын-сүргін кезеңіндегі өмірі мен қызметін қарастыру. *Нәтижелер.* Мақалада архив деректері негізінде Есполовтың Алаш Орда әскери кеңесінің төрағасы және Алаш әскерін ұйымдастырушылардың бірі ретіндегі қызметі ашылады. Оның Түркістан Орталық Атқару комитетінің мүшесі ретінде қызметіне баға беріледі, сондай-ақ Түркістан АССР жер халық комиссариатындағы қызметі зерттеледі. *Қорытынды.* М. Есполов 1937–1938 жылдардағы кеңестік тоталитарлық жүйенің диірмен тастарына түсіп, саяси қуғын-

сүргінге ұшырады. 1938 жылы 9 сәуірде ол атылып, Ленинград облысында жерленді. Ұлттың бірегейлігі мен тұтастығын сақтау жолында бар ынта-жігерімен аянбай қызмет атқарған Мырзағазы Есполовтың тағдыры осылай аяқталған еді. 1988 жылы 4 қарашада ҚазКСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының шешімімен М. Есполов толық ақталды.

Түйін сөздер: Мырзағазы Есполов, Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебі, «Қазақ» газеті, Алаш, съезд, әскери кеңес, комиссариат, жер халық комиссариаты


Дәйексөз үшін: Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж. Мырзағазы Есполов — Алаш қайраткері // «Edu.e-history.kz.» электрондық ғылыми журналы. 2023. Т. 10. № 4. С. 815–829. (Қаз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_4_815-829

МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ

Гульдана Батталовна Тастекова^{1}, Махсат Алпысбес², Дилишодбек Жамолиддинович Ураков³*

1Костанайский региональный университет имени А. Байтурсынова
(д. 118, ул. Тәуелсіздік, 110000 Костанай, Республика Казахстан)


Докторант

 <https://orcid.org/0009-0007-9403-7611>. E-mail: tastekova.guldana@gmail.com

*Корреспондирующий автор

2Евразийский университет имени Л.Н. Гумилева
(д. 2, ул. Сатпаева, 010000 Астана, Республика Казахстан)

Доктор исторических наук, профессор

 <https://orcid.org/0000-0001-5670-251X>. E-mail: alpysbes@mail.ru

3Национальный университет Узбекистана имени Мирзо Улугбека
(д. 4, ул. Университетская, 100174 Ташкент, Республика Узбекистан.)

доктор исторических наук, заведующий кафедрой «Всемирная история» НУУз

 <https://orcid.org/0000-0003-2977-001X>. E-mail: urakov.d.nuuz@gmail.com

© ИИЭ имени Ч.Ч. Валиханова, 2023

© Тастекова Г.Б., Алпысбес М.А., Ураков Д.Ж., 2023

Аннотация. *Введение.* В статье исследуется жизнь и общественно–политическая деятельность представителя казахской национальной интеллигенции Мырзагазы Есполова. Опираясь на архивные источники, рассматривается его формирование личности в стенах Оренбургской русско-казахской учительской школы. После революционных событий 1917 года Мырзагазы Есполов активно включается в политическую сферу, подержав идеи движения Алаш. *Цель и задачи исследования* – раскрыть с исторической точки зрения особенности общественно-политической деятельности и жизни Мырзагазы Есполова, причины, повлиявшие на формирование его общественного мнения, а также изучить его место и роль в движении Алаш, исследовать общественно-публицистическое наследие; раскрыть происхождение и пути формирования личности; изучить жизнь и деятельность М. Есполова в период политических репрессий. *Результаты.* В статье на основании архивных источников раскрывается период деятельности Есполова в качестве председателя военного совета Алаш Орды и одного из организаторов Алашского войска. Дается оценка его деятельности в качестве члена Туркестанского Центрального исполнительного комитета, а также исследуется его деятельность в народном комиссариате земледелия Туркестанской АССР. *Выводы.* В 1937–1938 годы Есполов разделит судьбу многих видных представителей казахского народа, попавших в жернова

советской тоталитарной системы и был репрессирован. 9 апреля 1938 года он был расстрелян и похоронен в Ленинградской области. Изучение многочисленных документов и архивных материалов показывает, что данная личность сыграла значимую роль в неоднозначных событиях начала XX века. Всю его жизнь можно рассматривать как стремление к преобразованиям на благо отечества, посредством личного вклада. 4 ноября 1988 года решением Судебной коллегии по уголовным делам Верховного Суда КазССР М. Есполов был полностью реабилитирован.

Ключевые слова: Мырзагазы Есполов, Оренбургская учительская русско-казахская школа, газета «Казах», Алаш, съезд, военный совет, комиссариат, народный комиссариат земледелия
Для цитирования: Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж. Мырзагазы Есполов – деятель Алаш // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz». 2023. Т. 10. № 3. С. 815–829 (На каз.). DOI: 10.51943/2710-3994_2023_10_3_815–829

Кіріспе

Қазақ елінің тарихында азаттық үшін күрескен әр кезеңде ұлтжанды ұрпақ өкілдері болды. Олардың барлығының арманы мен мақсаты қазақ елі, жерінің тәуелсіздігі еді. Азаттық идеясы ата-бабалар арманы бүгінгі тәуелсіздік идеясымен сабақтас. Осындай ұлт мүддесін қорғаған және табандылық танытып, күрес жүргізген Алаш қозғалысына қатысқан азаматтар болды. Түбінде азаттық алып, жарық күнді көретін ұрпақтың болатындығына сеніп кетті. Сол Алаш қозғалысының көрнекті қайраткерлерінің қатарында Мырзагазы Есполов та жүрді.

М. Есполов тұлғасының қалыптасу және даму кезеңі ХХ ғасырдың 1-жартысының уақыт дәуіріне түсті. Осы уақытта Қазақстан аймағында қоғамдық-саяси қызмет саласында білімді қазақ азаматтарының едәуір тобы жұмыс істеді. Өкінішке орай, ұлттық мемлекеттік пен мәдени прогреске ұмтылған бұл топтың аз ғана бөлігі жұртшылыққа белгілі. Осы уақытқа дейін М. Есполов тұлғасы өте аз зерттелген тұлғалардың қатарында. Ол саналы түрде өзі таңдаған жолынан ауытқымай, ел болашағы үшін құрбан болса да, ұзақ жылдар бойы ұлтына беймәлім болып келді. Сондықтан, Мырзагазы Есполовтың өмірі мен қоғамдық-саяси қызметін тарихи тұрғыдан зерттеу қазіргі заман талабы қажет етіп отырған өзекті мәселе.

Материалдар мен әдістер

Зертеу барысында архив қорларының құжаттық материалдары кеңінен қолданылды. Мысалы: Қостанай облысының мемлекеттік архивінің 654 қоры, Қазақстан Республикасының Орталық Мемлекеттік архивінің И-95, Р-74, Р-536 қорларының, Ресей Федерациясының Мемлекеттік архивінің 667, 1701-қорларының және Орынбор облысының мемлекеттік архивінің 10-қорының құжаттық деректері пайдаланылып талдаулар жасалды. Тарихи дерек көзі ретінде ХХ ғасырдың басында жарық көрген ұлттық баспасөз «Қазақ», «Ақ жол», «Сары-Арқа» газеттерінің материалдары да пайдаланылды. Сонымен қатар жазба дереккөзі ретінде ғылыми басылымдар мен құжаттық жинақтардың материалдары пайдаланылды, ғалымдардың тақырыпқа қатысты зерттеу еңбектерінің материалдарына сілтемелер жасалынды. 2022 жылы жарыққа шыққан «Алаш ісі. 1920–1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары» (Қойгелдиев және т.б., 2022) жинағынан құнды мәліметтер алынды. «Алаш әскері. 1918–1920 жж.» (Әбдіғалиұлы, 2017) жинағында архив дереккөздері негізінде Алаш милициясының құрылу тарихы және оған М. Есполовтың қатысуы егжей-тегжейлі баяндалған. Зерттеу барысында «Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов» (Қозыбаева және т.б., 2018) жинағының материалдары да қолданылды.

Аталған мақаланы жазу барысында тарихи салыстыру және талдау әдістері мен объективтік, тарихилық принциптері қолданылды. Тұлғатану принциптері микротарих әдістерінің негізін қамтитыны белгілі. Бұл әдістің негізінде М. Есполовтың өмірі мен қызметін зерттей отырып (микротарих), ХХ ғасырдың басындағы ірі әлеуметтік-тарихи үрдістер (макротарих) туралы да

білім қалыптастыра аламыз.

Талқылау

М.Е. Есполовтың өмір жолы мен қызметін, кейбір ғылыми шығармаларын зерттеу 1990 жылдардан басталды. Ал, жалпы 1917 жылғы революцияға дейінгі мерзімді басылымдарда М. Есполовтың мақалалары мен қоғамдық қызметі сирек болса да кездеседі. Кеңес Үкіметі тұсында М. Есполовтың өмірі мен қызметі, ғылыми мұралары мүлде зерттелген жоқ. Тек, ХХ ғасырдың 20-шы жылдарында жарыққа шыққан С. Сейфуллиннің (Сейфуллин, 1927) және Н. Мартыненконың (Мартыненко, 1929) еңбектерінде М. Есполовтың есімі кездеседі. Бұл уақыттарда ұлт зиялыларының қоғамдық-саяси қызметі мен шығармашылық мұрасы коммунистік бағытта жүргізілсе, 1937–1938 жылдардан бастап тоталитарлық жүйе үстемдігіне байланысты Алаш зиялылары туралы зерттеулер жүргізілген жоқ. Тарихи тұлғаларды, қазақ зиялыларды іргелі еңбектерде жанама түрде ғана қарастырылумен шектелді.

Әрине, М. Есполов туралы мемлекетіміз тәуелсіздік алғаннан кейін бірқатар зерттеулерде айтылды. Олардың ішінде Алаш тақырыбын зерттеуге үлкен үлес қосып, алаштану саласын қалыптастырған аға буын тарихшы ғалымдар К. Нұрпейіс (Нұрпейіс, 1995), М. Қойгелдиев (Қойгелдиев, 2008), Д. Аманжоловалар (Аманжолова, 1993) бар. Сонымен қатар, М. Әбсеметов (Әбсеметов, 1990), Т. Хазретәлі (Хазретәлі, 2013), сияқты ғалымдардың ғылыми мақалаларында ғана осы тұлға бойынша үзінді мәліметтер кездеседі. Бірақ, біз қарастырып отырған М. Есполов туралы арнайы зерттеу әлі күнге дейін жазылған жоқ. Оның есімі Д. Қамзабекұлы (Қамзабекұлы, 1998), Т. Уяма (Уяма, 2000) мақалаларында, қысқаша энциклопедиялық мәліметтерде (Алаш қозғалысы, 2008; Алаш қозғалысы, 2014), Алашқа қатысты шыққан монографияларда (Алаш һәм Алаш Орда, 1995; Алаш қозғалысы, 1995; Алаш һәм Түркістан, 2013) жанама түрде ғана кездеседі.

Зерттеу нәтижелері

Мырзағазы Есполов жайлы деректер аз. Деректерде оның тегі әр түрлі нұсқада Есполов, Есболов, Испулов, Исполлов, Еспулов түрінде кездеседі. Бірінші нұсқа қазақ тілінің орфоэпиялық ал, екінші нұсқа орфографиялық ережелеріне сай келеді. Ол өз тегін қазақ тіліндегі құжаттарда Есполов, Есболов қолданса, орыс тіліндегі құжаттарда Испулов деп қолданған. Мысалы, «Қазақ» газетіне мақалаларын жариялағанда М. Есболов немесе Мырзағазы деп жазған, ал Түркістан АКСР-ның жерхалкомындағы құжаттарда Испулов деп жазылған (ҚР ОМА. Р-74-қ. 4-т. 22-іс. 4–5-п.). Біз зерттеу жұмысымызда тегін Есполов деп қолдандық.

Қазақ халқының тарихында жарқын із қалдырған Алаш арыстарының бірі және бірегейі — Мырзағазы Есполов бұрынғы Торғай облысы Қостанай уезі Аманқарағай болысының № 4 Жолдыбай ауылында дүниеге келген. Қазіргі Қостанай облысы Әуликөл ауданы Аманқарағай ауылы.

Мырзағазы Есполов қай жылы дүниеге келді? Осы сұрақты талқылау кезінде кейбір пікірталас сәттерінен бастау керек. Бұл мәселе көбінесе ХІХ ғасырда қазақ халқында метрикалық кітаптардың жоқтығынан, сондықтан туу туралы тиісті жазбалардың болмауынан туындайды. Осылайша, бүгінгі күні әртүрлі зерттеушілер негізге алған Есполовтың туған жылын анықтайтын бірнеше нұсқалары бар. Негізгі нұсқаларды қарастырайық.

2017 жылы жарық көрген «Алаш әскері (1918–1920 жж.)» жинағының құрастырушысы Б. Әбдіғалиұлы Мырзағазы Есполовтың туған жылын 1896 жыл деп көрсетеді (Әбдіғалиұлы, 2017: 52). Аталған жинақта Алаш әскеріне байланысты құнды материалдар жинақталған, автор Алаш қайраткерлеріне жеке тоқталмайды.

Келесі бір құжат М. Есполовтың Орталық ауыл шаруашылық Банкідегі қызметімен байланысты. Қазақ ауыл шаруашылық кредит қоғамының жауапты қызметкерлерінің тізімінде М. Есполов өз қолымен туған жылын 1887 жыл деп жазады (ҚР ОМА. Р-536-қ. 1-т. 6а-іс. 52-п.).

Тағы бір нұсқа, Орынбор мұғалімдер мектебінің құжаттарымен байланысты. Архив

қорларындағы материалдармен танысу барысында, Мырзағазы Есполовтың 1910–1914 жылдары Орынбор орыс-қазақ мұғалімдер мектебінде оқыған кездегі жеке ісі түсті. Мұғалімдер мектебінің талабы бойынша, оқуға түсу үшін, метрикалық куәлік немесе тууды растайтын куәлік қажет болды. Орынбор мектебіне жіберілген куәлігінде былай жазылған: «Удостоверение дано сие от Старшины № 4 аула Аманкарагайской волости Кустанайскаго уезда Тургайской области киргизу вверенного мне аула Мырзагазы Испулову в том, что он, Испулов, по имеющимся у меня сведениям, родился в июнь месяце тысяча восемьсот девяносто четвертого (1894) года, что и удостоверяю подписанием с приложением должностной печати. Июнь 12 дня 1910 года» (ҚР ОМА. И-95-қ. 1-т. 111-іс. 6-п.).

Мырзағазы Есполовтың 1891 жылы дүниеге келгенін келесі құжаттар растайды: 1910 жылы 27 тамыз № 62 Әуликөлдегі екі кластық қазақ-орыс училищесін бітіргені туралы куәлігі (ҚР ОМА. И-95-қ. 1-т. 111-іс. 5-п.). Сонымен қатар, Гүлнар Міржақыпқызы Дулатованың «Алаштың сөнбес жұлдыздары» еңбегінде «Ұрқия Есболова – Оралова кім?» деп аталатын бөлімінде Мырзағазы Есполовтың туған сіндісі Ұрқия былай дейді: «Мырзағазы Испулов, кейде Есболов деп жазылатын. 1891 жылы Қостанай уезінің Аманқарағай болысының 4-ші ауылында туған» (Дулатова, 2012: 135). Келесі құжаттарға келетін болсақ, 1929–1930 жылдары жүргізілген № 78754 қылмыстық іс бойынша Мырзағазы Есполов өзінің айғақтарында оның 38 жаста екенін көрсетті (Қойгелдиев және т.б., 2022: 473). Бұл оның 1891 жылы дүниеге келгенін білдіреді. Осы деректерге сүйене отырып Мырзағазы Есполов 1891 жылы туылған деп айтуға негіз бар.

Енді Мырзағазы Есполовтың отбасы туралы қысқаша тоқталып кетсек. Әкесі Еспол Арғын – Өтей руынан тараған. Анасының есімі Жанғайша. Еспол әулеті Аманқарағай өңірінде белгілі ауқатты тұқымдардың бірі болған. Есполдың Досмағамбет, Шаяхмет, Мырзағазы, Мырзахмет, Қазыбай атты бес ұлы, Ұрқия есімді бір қызы болған. Заман ағымын жақсы түсіне білген әкесі Еспол Мырзағазыны жасынан өнер мен білім іздеуге баулиды, оқуға қабілетті балаларын Ресейдің оқу орындарында оқытады.

Алғашқы білімін Мырзағазы Есполов Әуликөлдегі екі кластық қазақ-орыс училищесінде алады. Оқуын жақсы нәтижемен аяқтағаннан соң, білімге құштарлығы осымен тоқталмай, 1910 жылы Орынбор қаласындағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебіне оқуға түседі (ҚР ОМА. И-95-қ. 1-т. 111-іс. 2-п.).

Мұғалімдер мектебі 1883 жылы 10 сәуірде Орск қаласында Ы. Алтынсариннің күшімен ашылды, бірақ содан кейін өрт салдарынан 1889 жылы Орынборға көшіріледі, онда ол бұрынғы татар мұғалімдік мектебінің ғимаратында, дәлірек айтсақ, Орынбор шекаралық комиссиясы жанындағы қазақ балаларына арналған бұрынғы мектепте орналасқан. Бір кезде мұнда Ы.Алтынсариннің өзі де білім алған және бүгінгі күні бұл ғимаратқа (Советская, 7) ескерткіш тақта орнатылған (Тугай, 2018: 354). Васильев осы мектеп туралы былай жазды: «ставшая главным поставщиком учителей для русско-казахских школ в Тургайской области» (Васильев, 1896: 117). Торғай, Қостанай, Ырғыз мектептерінің түлектеріне облысқа мұғалім ретінде оралу үшін осындай мектеп құру, біз бүгін айтқандай, мақсатты бағытты көздеді. Екінші жағынан, бұл Алтынсарин ойластырған кеңейтілген білімнің бір түрі еді. 1892 жылдан мектепте орыс балалары да оқи бастады. Уақыт өте келе оқушылар құрамы кеңейе түсті, ал Васильев атап өткендей, мектепте тек Торғай өңірінен ғана емес, Оралдан, тіпті Бөкей Ордасынан да келген балалар оқыды. Алайда, Торғай облысы ғана Орынбордағы мұғалімдер мектебіне жыл сайын 250 рубль бөліп, патронаттауды жалғастырды. Орынбор мұғалімдер мектебіндегі білім алу ақысыз болды, тәрбиеленушілердің күн көрісі қазыналық есептен бөлініп тұрды. Дегенмен бюджетті үнемдеу үшін, үкімет шәкіртақының бюджеттік нормаларын қысқартты. Сонымен қатар, Васильев мектептің жыл сайын алатын мемлекеттік шәкіртақының саны өте аз екенін айтты. Осы жағдайға байланысты «халық мұғалімдеріне қойылатын жоғары талаптарға» сай болу үшін, талапкерлер неғұрлым қатаң және мұқият іріктеуден өтіп, «қырғыз студенттерінің үздік күштері» мұғалімдер мектебіне қабылданды. Сондықтан Мырзағазы Есполовтың мұғалімдер мектебіне түсуі кездейсоқ

емес еді, ол байыпты дайындықтан өтіп, Торғай облысының стипендиаты болды.

1914 жылы Мырзағазы Орынбор мұғалімдер мектебін бітіреді. Бұл жөнінде ақпаратты «Қазақ» газетінде жарияланған шағын мақаладан көре аламыз: «Биыл Оренбург киргизски ушителски ышколасын 5 қазақ баласы бітіріп шықты. Мырзағазы Есполов, Қазы Мұхамбет Ибрашев, Шайх Бейсеуов, Рахметолла Қаржаубаев. Бұлардың ішінде Есполов қана Торғай облысынан қалған төртеуі Орал облысынан». Мақала газеттің 1914 жылғы 8 маусым 65 нөмірінде жарияланған. Қазақ газетінің басшылары қазақ жастарының оқу бітіргенін қуанышпен жариялағанын көреміз (Смағұлова және т.б., 2009: 360).

1914 жылы тамыз айының 1 жұлдызынан бастап Халық училищилер инспекторының қаулысымен түлек Мырзағазы Есполов Қостанай уезінің Забеловский 2-сыныптық училищеге мұғалім қызметіне тағайындалады (ҚР ОМА. И-95-қ. 1-т. 111-іс. 2-п). 1914 жылы «Қазақ» газетінің № 76 санында: «Биыл Оренбург киргизски ушителски ышколасын бітірген талапты жастарымыздан Мырзағазы Есполов Қостанай уезінде Забеловски двухкласный ышколасына ушител болып сайланды. Жолдастары үшін адресін береді: Денисовское почт. отд. Тургайской обл., пос. Забеловский, 2-х класное училище, учителю М. Испулову» (Смағұлова және т.б., 2009: 152). Мұғалімдік қызмет жолы осылай басталады да, 1916-шы жылға дейін жалғасады. Осы уақыт аралығында ол тек мұғалімдік қызмет атқарып қана қоймай, ел өміріне қоғамдық саяси оқиғаларға да ат салысады.

1916 жылы қарашада Мырзағазы Есполов қызметтен шығып, «Қазақ» газетінің үндеуі бойынша майдандағы тыл жұмысында жүрген қазақтарға көмектесу үшін Орынборға келеді. Орынбордан Ахмет Байтұрсыновтың нұсқауымен Мәскеудегі Әлихан Бөкейхановқа жолығады. Мырзағазы ел азаматтарымен бірге қара жұмысқа алынып, Батыс майданда оқ пен оттың арасында окоп қазып, қара жұмыс істегендердің ортасында жүріп, ұйым құрып, үкімет арқылы олардың тұрмыстық жағдайын жеңілдетуге бар күшін салды. Мырзағазы Есполов Әлихан Бөкейхановпен бірге 1916 жылдың 23 желтоқсанынан 1917 жылдың 12 қаңтары аралығында Минскі маңындағы Батыс майдандағы Земгордың қол астындағы тыл жұмысындағы қазақтарды аралап, олардың жағдайларымен танысып, үкімет тарапынан берілетін жеңілдіктердің орындалу-орындалмауын қадағалады. Сонымен қатар, М. Есполов Минскідегі жұмысшы қазақтардың жағдайын зерттеуге тапсырма алады. Зерттеудің негізінде баяндама дайындап комитетке ұсынады. Басты талаптарының бірі – орыс бөлімі сияқты комитеттің жанынан қазақ жұмысшылары бөлімін ашуды ұсынады. 1917 жылы 5 ақпанда Минскідегі «Земство және қала одақтары» жанында өзара жұмысқа алынғандарға көмек көрсететін «бұратаналар бөлімі» ашылды. Алғашында Минскідегі бұратана бөлімінің басшысы Әлихан Бөкейхановтың орынбасары қызметін атқарса, кейіннен Киевте ашылған бұратана бөлімінің басқарушысы болады (Қойгелдиев, 1995: 199–200). Майдандағы қазақ жұмыскерлерінің жағдайын «Қазақ» газеті арқылы білдіріп, «Адасқан жігіттер», «Күнбатыс майданынан», «Жұмысшылар жайында доклад» деп аталатын мақалаларын жариялайды (Қазақ, 1917а: 216).

Осы уақытта Мырзағазы Есполов белсенділермен бірге, майданда жүрген жігіттердің саяси танымы мен белсенділігін арттыру мақсатында, «Еркін дала» атты саяси ұйым құрады. «Еркін дала» ұйымы майданда жүрген жастар арасында пайда болып, бірақ ол жақта ұйымдық тұрғыдан құрылуға қажет болмаған соң, елге оралғанда шілде айының алғашқы жартысында «Қазақ» газетінің жанында Орынборда өз орталығын ашты. Ұйымды құрушылар Асфендияр Кенжин, Нәзір Төреқұлов, Мырзағазы Есполов, Тел Жаманмұрынов, Мұса Сейдалин, Хайретдин Болғанбаев және Ахмет Байғурин. Бұлардан басқа ұйымға Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатұлы ағза мүше болды (Қойгелдиев, 1995: 206).

Ұйым халықтың сауатын ашуды, қазақша газет, журналдарды, мектепке қажетті оқу құралдарын шығаруды, мұқтаж шәкірттерге тегін оқу орындары мен ауруханаларды ашуды, майдан жұмысына қатынасқан жігіттер мен олардың жақындарына тиісті жәрдем беруді өз міндетіне алған. Көріп отырғанымыздай «Еркін даланың» алдына қойған мақсаты зор еді және

олардың мазмұны негізінде ағартушылық және халықтың қоғамдық-саяси белсенділігін көрсетуге саятындығын аңғару қиын емес. Бірақ бұл ұйым ұйымдасқан түрде қанат жайып, ел өміріне араласып кете алған жоқ. 1917 жылдың екінші жартысындағы аласапыран оқиғалар оған мүмкіншілік бермеді. Дегенмен, бұл қауымның тізіміне жазылған кісілердің түгелі «Алаш» партиясының құрамына еніп, саяси өмірге белсенді араласуын тоқтатпады (Қойгелдиев, 1995: 208).

Ақпан төңкерісінен кейін тыл жұмысына алынған жігіттерді елге қайтару кезінде де Мырзағазы Есполов елеулі еңбек атқарды. Уақытша үкіметтің қара жұмысқа алынғандарды қайтару туралы жарлығы үлкен қуанышты жаңалық еді. Майдандандағы жұмысшылар елге қайтуымен бұратаналар бөлімінің жұмысы тоқталып қалмады. Әлихан Бөкейханов Торғай облысы комиссары болып тағайындалып елге қайтқан соң, бөлімнің басшыларының бірі ретінде барлық жұмысты Мырзағазы Есполов өз қолына алды. Бұратаналар бөлімінің ендігі міндеті деп жазды Есполов: «... 1) былтырдан бері адасып жүргендерді, аурып қалғандарды іздеп қарастыру; 2) жұмыста жүріп қол аяқ көзден айрылып, кем кетік болып қалғандарға қазынадан жәрдем әперу шарасын табу» (Қойгелдиев, 1995: 210). Осындай жұмысты атқаруды қолдарына алған бөлім қызметкерлері тек қазынаның ғана жәрдеміне сүйенбей, халық арасына да үндеу салған. Бұл үндеулерін Қазақ газетінде «Жәрдем жию керек» деген атаумен жариялаған. Мұнда «Басқармадан өтінеміз: халыққа еркіншілік, бостандық алып беру жолында алысып, абақтыға түскен, айдалған, қазір босатылған сабаздардың һәм жұмысшылардың үйде қалған жарлы бала-шағаларының пайдасына ақша жинауды. Өзіміз азат етілген азаматтар пайдасына 10 сом һәм жұмысшылардың бала-шағаларының пайдасына 100 сом жібердік. Жұрт жұрттығын қылмай қалмас деген дәмеміз зор» деп халықты да бұл істен алыс болмауға шақырады (Қазақ, 1917б: 222). Өздеріне артта түрлі қалаларда ауруханаларда қалған, жоғалып кеткен жігіттерді іздеп тауып, қамқорлық жасап, елге жеткізуде барлық күш жігерлерін жұмсады. Күнбатыс майданындағы жұмыс Мырзағазы Есполовты жаңа қайраткерлік деңгейге көтерді.

Барлығы аяқталған соң Мырзағазы Орынборға оралады. Туған елге келгендегі алғашқы атқарылатын іс-әрекеттердің бірі ретінде қазақ қоғамында сондай-ақ бүкіл Ресей жерінде орын алған саяси өзгерістерде ұлт мүддесін алға қойып, автономия алу мәселесі тұрған еді. Мырзағазы Есполов алдыңғы қатарлы қазақ интеллигенциясымен бірге жаңа саяси өзгеріс жасаудың дайындық жұмыстарына белсене араласты. Әлихан Бөкейхан комиссарлық қызмет атқара жүріп өзінің артынан ерген, әсіресе майдандағы бұратана бөлімінде бірге болған белсенді жастар алдындағы борышын ұмытқан емес. Мәселен, оның бұйрығы бойынша Киевтегі бұратана бөлімінің бұрынғы бастығы Мырзағазы Есполов Богуруслан уездік комиссарының орынбасары, Минскіде бұратана бөлімінің бұрынғы хатшысы Елдес Омаров Торғай уезі 2 учаскесінің Шаруалар бастығы міндетін уақытша атқарушы болып бекітіледі (Қойгелдиев, 1995: 242–243).

Елде қалыптасқан саяси өзгерістерді тиімді пайдалану үшін жер-жерде құрылтай жиналыстар шақырылып, болашақ ұлттық автономияның дайындық жұмыстары басталды. 1917 жылдың көктем мен жаз айлары қазақ жұртының қоғамдық саяси өмірінің барыншы жанданған уақыты еді. Міне, осы шақта саяси билікке ұмтылған қазақ зиялылары орталық езгіден есеңгіреген елінің басын біріктіріп, ортақ мақсат пен мүддеге барлық күш жігерін жұмылдыра күрес жүргізгендігі және сондай күрестерінің бірі – қазақ қауымының талап-тілегінен туындаған, қазақ қоғамының келешек мүддесін көздеген жалпы қазақ съезін ұйымдастыру тұрған еді. Мырзағазы Есполовта қатарластарынан қалмай қазақ съездеріне белсене ат салысты.

Мырзағазы Есполов Торғай облысы қазақтарының бас қосқан екінші съезіне төраға болып, ел ішіндегі саяси өзгерістерді шешуге өз үлесін қосты. Торғай облысы қазақтарының екінші съезі 1917 жылдың 20–25 тамыз аралығында Ақтөбе қаласында өткен. Съезге Ақтөбе, Қостанай, Ырғыз, Торғай уездерінен барлығы 150 делегат қатынасқан. Съезд төралқасына Мырзағазы Есполов (төрағасы), Сағындық Досжанов, Ахмет Тұнғаншин (серіктері), Тел Жаманмұрынов, Абдулхамид Жөндібаев (хатшылары) сайланды. Съезд мәжілісін С. Досжанов кіріспе сөзбен

ашады. Съезді құттықтап, сөз алған азаматтардың қатарында Ақтөбе уездік Жер Басқармасының төрағасы Немец, Ақтөбе уездік комиссары Мыцо, Ақтөбе қаласының басшысы Гамбашидзе, Ақтөбе қаласындағы татар халқының өкілдері мен мұсылман ұйымдары атынан Алюков пен Юмакаев болды. Съезде қаралған мәселелер жалпы қазақ съезінің қаулысынан кем болмады. Ең өзекті 15 мәселе: мемлекет билеу түрі, қазақ халқына автономия, жер мәселесі, сот мәселесі сияқты мәселелер өзгертілместен қабылданады (Илиясова, 2007: 45–46).

Съезде қаралған Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына депутаттарды белгілеу мәселесі тартысты болған. Торғай облысынан А. Байтұрсынов пен М. Дулатовтың кандидатуралары ұсынылады. Торғай облысынан баратын депутаттардың кандидатурасы туралы мәселе бес жерде, яғни 1917 жылғы наурызда Минскіде Күнбатыс майданындағы оқыған жастардың Кеңесінде, сәуірдегі Торғай облысының съезінде, шілдедегі жалпы қазақ съезінде, тамыздың басында Орынборда «Еркін дала» қауымының съезінде қаралып, соның бесеуінде де А. Байтұрсынов пен М. Дулатов ұсынылған. Съезге қатысқан өкілдер екеуінің де бір уезден, бір рудан екенін біледі. Бірақ, олар бір рудың баласы болса да депутаттыққа олардың туысы мен шықан жері шарт емес. Ақтөбеліктердің осы съезде «ата санап, ағаш керткені» жарамады (Қазақ газеті, 1917в: 242).

М. Есполов бастаған 10 өкілдің атынан жазылған бір мәліметте көрсетілгендей, «Торғай облысындағы Сүмбіледе өткен съезде «Руссиялық жалпы мемлекет жиылысында» сайланғандарға риза болмай, бөтен кісілерді көрсеткен тізімге наразылық білдірген съезд бастығы Мырзағазы Есполов хәм Қостанай уезінің өкілдері съезді тастап шығып кеткен» (Атаниязов, 1922:13). Бұдан шығатын қорытынды, Торғай облыстық қазақ съезінде Құрылтай жиналысына депутаттар белгілеу мәселесінің тартысты талқыланғаны, ұлт тұтастығына нұқсан келтіретін руға бөлінушіліктің көрінісі айқын байқалады. Әрине, халқының тағдыры қыл үстінде тұрған аласапыран заманда, ата санап, руға бөлінушілік қазақ қоғамына кері әсерін тигізді.

Тұжырымдасақ, 1917 жылдың сәуір және тамыз айларында болып өткен Торғай облыстық қазақ съездерінде заман ағымындағы өзекті мәселелер талқыланып, оны іске қосуда жетістіктерімен қатар, кемшіліктерге де орын берілгені байқалады. Соған қарамастан, белгілі бір дәрежеде нақты іс-әрекеттерге қол жеткізілді. Қазақ зиялыларының Мырзағазы Есполов сияқты ондаған, жүздеген өкілдері осы съездерді шақырып олардың жұмысына белсене араласулары арқылы белгілі дәрежеде саяси күрес тәжірибесінің мектебінен өтті.

1917 жылдың 2 қазанында облыстық комиссар Әлихан Бөкейханов бұйрығымен М. Есполов Қостанай уездік комиссарының көмекшісі болып тағайындалады (ОО МА. 10-қ. 2-т. 242-іс. 16-п). Өзінің түрмеде берген жауаптарында: «Өткен жәрмеңкеге байланысты біз келушілерден Қостанай Қырғыз съезін шақырып, Қостанай уездік бөлімін құрдық, оның төрағасы болып мен сайландым. 1917 жылғы өткен Алашорданың құрылтайына науқастығыма байланысты қатыса алмадым. Қостанайдан өкіл болып қатысқан адамдар мені Қостанай уезінің тұрақты соты етіп тағайындағанын айтты» делінген (Қойгелдиев және т.б., 2022: 475). Осыдан байқайтынымыз Есполовтың екінші жалпықазақ съезіне қатыспаған, сәйкесінше, депутаттар тізімінде кездестірмейтін себебі де осы деп ойлаймыз.

1917 жылы жоғарыда айтылған жұмыстардың нәтижесі ретінде Алаш партиясы мен Алашорда үкіметінің құрылуы болды. Қазақ жерінде жаңа үкіметтің құрылуы қазақ зиялыларының ұзақ жылдар бойғы қажырлы еңбектің жемісі еді. Қазақ елінің өзін-өзі басқара алатын, ұлттық мүддесін қорғай алатын мемлекеттік жүйе құруға, қазақ жеріне ішкі Ресейден қоныс аударуға шек қоюға ұмтылды. Партия халықтың ұзақ жылдар бойы аңсаған арманын орындауға талпынды. Жаңа құрылған үкімет өз бағдарламасын ұсынып, жүзеге асыруға кірісті. Негізгі мәселенің бірі Алаш әскерін жасақтау еді. Осы бағытта Мырзағазы Есполов қызмет етті.

«Әскери кеңес құру туралы» Алашорданың 1918 жылғы 11 маусымдағы қаулысына сәйкес өңірлерде облыстық және уездік әскери кеңестер құрылды, «оларға большевиктермен күресу үшін жігіттерді әскерге шақыру тапсырылды». Алашорданың облыстық кеңестері «Алаш әскерін құру үшін жігіттерді әскерге шақыруға» уәкілеттік етті (Мартыненко, 1992: 109). Міне, осы

кезден бастап жарияланған қазақ милициясына жігіттерді алу арнайы бұйрық бойынша жүргізіледі.

1918 жылы жазда Орынборда Алашорда үкіметінің Торғай бөлімі құрылды, кейіннен атауы «Облыстық әскери кеңес» деп өзгертілді. Бөлім басшысына Мырзағазы Есполов, ал мүшелеріне Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов және Сейдәзім Қадырбаев тағайындалды. Кеңес бірінші кезекте «Ақтөбе уезінің аймағында, кейін Қостанай уезінде жігіттер мен қаржы жинауға кірісті, Самара Комитетінің Құрылтай жиналысынан өз үкіметі арқылы қару-жарақ пен киім-кешек алынды. Ал командалық құрам – Орынбор әскери басшылығынан шақырылды» (Әбдіғалиұлы, 2017: 52–53).

1918 жылы 14 шілдеде Мырзағазы Есполов шаруа және қазақ депутаттарының Төтенше Қостанай уездік съезі отырысына қатысты (ҚО МА. 654-қ. 1-т. 1-іс. 105–106-пп.). Съезде Мырзағазы Есполов және Елдес Омаров Төралқа алқасына сайланды. Күн тәртібінде ағымдағы мәселелер, Уақытша Сібір үкіметіне деген көзқарас, шаруа және қазақ одағының құрылуы, Одақ басқармасы мен қаражатын сайлау, Қостанай уезінің халық билігінің Уақытша комитеті туралы, азық-түлік, орман және жер туралы мәселелер болды. Съезд отырысы большевиктердің билігі бүкіл халықтың билігі емес, оның еркіне басқыншылар мен зорлаушылар болғанын назарға ала отырып және жан-жақты талқылап, шаруа және қазақ депутаттарының Төтенше Қостанай уездік съезі Уақытша Сібір үкіметінің тұлғасында төңкеріс пен жаңа билікті қарсы алды. Сонымен қатар, Қостанай уездік съезі Уақытша Сібір Үкіметі қысқа уақыт ішінде Сібір Құрылтай жиналысын шақырып, елді Бүкілресейлік Құрылтай жиналысына жеткізеді деп үміттенді.

Қостанай уездік съезінде Мырзағазы Есполовтың қызметін талқылайтын болсақ, оны 7 адамнан тұратын жер туралы және жалпы жерді пайдалану комиссиясына сайлады (ҚО МА. 654-қ. 1-т. 1-іс. 105–106-пп.). Аталған комиссияның жерге байланысты қорытындыларын негізге ала отырып, съезд келесі қаулы шығарды:

біріншіден, уездегі жер мәселесін шешуді негізге ала отырып, Құрылтай жиналысы қабылдаған негізгі заң белгіленсін;

екіншіден, осы заңның жергілікті жағдайларға байланысты бейімделуі, жалпы алғанда, Сібір Құрылтай жиналысына, ал егжей-тегжейлі жергілікті уездік земствоға ұсынылсын, осыған байланысты жер комитетінің істері Земство уезіне берілсін;

үшіншіден, бұл мәселені Сібір Құрылтай жиналысы шешкенге дейін, басқа аймақтардың орталық провинцияларынан уезге көшу тыйым салынады;

төртіншіден, қоныс аударудың жабылғаны туралы хабарландыруларға қарамастан келген барлық қоныс аударушылар уақытша тұрғындар болып саналады;

бесіншіден, биылғы жылы уездік жер комитетінің рұқсатынсыз немесе өкімдеріне қарамастан пайдаланылатын шөп шабу үшін өз бетінше басып алынған жер учаскелері, шөп шабу өнімдері келісім бойынша мүдделі тараптар арасында бөлінеді;

алтыншыдан, болыстық Земство басқармалары жанынан татуластыру камералары қалпына келтірілуі тиіс, олар үшін құрылтай Сібір жиналысы Нұсқаулық әзірлейді;

жетіншіден, алым баптары облыстық Земствоның тапсырыстарымен таратылады;

сегізіншіден, Уезд Земствосына уезде тұрмыс пен жерді пайдаланудың барлық ерекшеліктерін жақсарту жөніндегі жұмыстарды жалғастыру.

Қорытындылай келе, Мырзағазы Есполов жер комиссиясының құрамында бірінші кезекте Қостанай уезінің аумағына қоныс аударуды тоқтатты.

Жалпы «Алашорда» тарихындағы елеулі оқиға Самарадағы «Құрылтай жиналысы» (Комуч) үкіметінің құрылуы еді. Бұл «Жиналыс» үкіметі большевиктерге де, Сібір (Колчак) үкіметіне де қарсы, Біртұтас Федеративтік Ресейді құруды ұсынды. Негізгі күші казактар, бас қолбасшы атаман Дутов. Ол ұлттардың автономиясын, соның ішінде Башқұртстан мен «Алаш» автономиясын мойындады (Жұртбай, 2008: 332). 1918 жылы 13 тамызда Мырзағазы Есполов Алаш Орданың Торғай бөлімшесін басқарып тұрған уақытында, Самарадағы құрылтай

жиналысына Алашорда атынан қатысады (РФ МА. 667-қ. 1-т. 16-іс. 14–18-пп.).

Кеңеске: Құрылтай жиналысы Комитет мүшелерінің ерекше уәкілетті Тухватуллин, Құрылтай жиналысы мүшелерінің Самара комитетінің уәкілі Богданович, Құрылтай жиналысының мүшесі Фахретдинов, Орынбор казак әскерінің өкілі, сол әскердің әскери атаманы генерал-майор Дутов және өкілдері қатысты: губерниялық земстводан Правдухин, қалалық өзін-өзі басқарудан Крангачев, Торғай облысынан Лаванов, Башқұртстаннан Валидов және казактардан Есполов. Құрылтай жиналысы мүшелері Комитетінің төтенше уәкілетті В.В. Подовицкий төрағалық етті. Жиналыста автономия мен әскер мәселесі талқыланды (РФ МА. 667-қ. 1-т. 16-іс. 14–18-пп.).

Жиналыста Мырзағазы Есполов жалпы қазақтардың жағдайымен таныстырып шықты. Ол Орал, Торғай, Түркістан, Жетісу мен Семей облыстары және Астрахань губерниясында халықтың көп үлесі қазақтар болатыны айтты. Содан кейін аталған жерлерге қоныс аударушылар орналаса бастады, тіпті кейбір жерлерді қазақтардан қоныстанушылардың саны асып кетті. Әсіресе, 1906 жылғы жаппай қоныстану ерекше екпінмен жүрді. М. Есполов бұл қоныстандыруды мемлекеттік мекемелер қолдағандықтан да, 1912 жылы Қасиетті синод бір қазаққа екі қоныстанушыдан келетіндей етіп орналастыру туралы жоспар жасағаны туралы айтты.

Хабарламаны жалғастырып, М. Есполов Ақпан төңкерісінен кейін қазақтардың арасында автономия алу мәселесі басты саяси бағыт ретінде күш алғандығы туралы айтты. Барлығы да: бұл мәселені шешетін Құрылтай жиналысы шақырылады деп үміттенді. Дегенмен де Құрылтай жиналысын күтпестен қазақтар 1917 жылы 13 шілде күні жалпықазақ құрылтайында автономия жариялады. Өкіметтің большевиктерге өтуіне байланысты 6–13 желтоқсандағы облыстық құрылтай қазақтардың автономия жариялау жөніндегі бірінші құрылтайдың шешімін бекітті. Орталық казак үкіметінің тұрақты орны Семей қаласы болады деп шешті. Осымен бірге жергілікті қоныс аударушылармен келісім жүргізіліп, олар қазақ автономиясы құрамында қала ма, жоқ па, сол туралы жергілікті ұсақ құрылтайлар өтті, бірақта құрылтайды большевиктер таратып жіберді. Семейді большевиктер басып алғаннан кейін 20 күн ғана өмір сүрді. Қаланы чехословактар қызылдардан тазартқаннан соң қазақ үкіметі қайтадан іске кірісті. Айта кететін мәселе, үкімет әкімшіліктің азаматтық істеріне араласқан жоқ, тек автономияға дайындық жұмыстары жүргізілді деп Мырзағазы Есполов хабарлама жасады (РФ МА. 667-қ. 1-т. 16-іс. 14–18-пп.).

Мырзағазы Есполовтың хабарламасынан кейін, Торғай облысының өкілі Лаванов сөз сөйледі. Ол Торғай облысында қазақтар – 58 %, ал орыстар – 42 % туралы айтты. Қазақтарды жеке ажыратып бөле алмайсың, өйткені олар орыстармен араласып отыр деген тұжырымға келді. Лаванов хабарламаны жалғастырып, Торғай облысы үш үкіметтің – Сібір, Құрылтай жиналысы мүшелерінің Самар үкіметі және Қазақ үкіметінің ықпалында тұрғаны туралы айтты. Мұндай жағдайда жұмыс істеу мүмкін емес екендігін қосты. «Облыстың үш уезі Самараға іш тартады. Сібір үкіметіне де мойын бұратындар бар, олар Құрылтай жиналысынан кейін Самараға өтуге ыңғайланып отыр. Қалған екі уезд таза қазақтар, оларды Сібір үкіметіне қосқаннан гөрі қазақ «Алашорданың» территориясына қосқан әділетті болар еді» - деп қорытындылады Лаванов.

М. Есполовтың жарыссөзде не айтқаны белгісіз. Бірақта қаулыдағы:

«1. Башқұртстан мен Алашорда автономия алуы керек, бірақ орыс аралас болыстар земствоның құрамында қалады» – деген келісімге қол жеткізуі Алаштың тәуелсіздігін мойындату деген сөз (РФ МА. 667-қ. 1-т. 16-іс. 18-пп.).

Самар үкіметі Алаш Орда әскеріне қару-жарақ беруден де тартынбайды (Сарыарқа, 1919: 74). Ал, Торғай облысының милициясы үшін келісілген бұл қару-жарақтың алдын Мырзағазы Есполов барып, алып та келеді (Жас Азамат, 1918: 5). Қазан айының соңында Торғай облысының Комуч уәкілі С. Қадырбаев Дутовтың тапсырмасымен Ор қаласына барды. Бұл жерде Есполов басшылығындағы Алашорданың әскери кеңесі орналасқан соң барған болатын. Оған алаштық топтарды қару-жарақпен қамтамасыз ету тапсырылған еді. Дутовтан алған және жеке адамдардан жиналған қару-жарақты Қадырбаев Орға жіберді. Ол 600 винтовка мен бірнеше пулемет болатын

(Аманжолова, 2013: 243).

Алаш қозғалысы большевиктік қысыммен тоқтатылғаннан кейін, 1919 жылғы сәуірдегі Кеңес Өкіметінің «кешірімін» пайдаланып, 1920 жылдан бастап Мырзағазы жаңа қоғамның шаруашылық басқару жұмыстарына кіріседі. Орынборда аялдауға болмайтынын біліп, 20-жылдардың басында-ақ қуғын-сүргіні азырақ Түркістан автономиялы республикасының орталығы Ташкентке қоныс аударды. Мұнда Жер халық комиссариатында (ҚР ОМА. Р-74-қ. 4-т. 22-іс. 4–5-пп.), Түркістан Орталық Атқару комитетінде, қырғыз (қазақ) мектептері білім беру бөлімінде жауапты қызметтер атқарды.

Негізгі жұмысымен қабат М. Есполов шығармашылық жұмыстармен де айналысты: «Ақ жол» газетінің жанашыры болды, 1922 жылы дүниеге келген мәдениет көркейтушілердің «Талап» атты қауымның басқарма мүшесі ретінде көзге түсті. «Талап» ұйымының жәрдемімен қаладағы оқығандар мен шәкірттерге Ы. Алтынсарин жөнінде, ағартушының қилы тағдыры мен шығармашылығы туралы дәріс оқып, пікір алмасу сабақтарын өткізді. Мырзағазы Есполов аудармашылық қабілеті арқасында ресейлік профессор Д. Кудрявскийдің «Как жили люди в старину» атты танымдық зерттеу кітабын «Арғы мәдениет» деген атпен аударып шықты. Сонымен қатар белгілі ғалым Ю.Вагнердің «Рассказы о воде» ғылыми еңбегін «Су хақындағы әңгімелер» деген атаумен аударды. Бұл кітаптар 1924 жылы Түркістан мемлекеттік баспасынан Ташкентте жарық көрді (Қамзабекұлы, 1998: 180–181).

М. Есполов Сталиндік қудалауға 1929 жылы түсті. № 78754 қылмыстық іс бойынша 43 азамат тұтқындалыпты. Олардың ішінде А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабайұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Дулатұлы т.б. азаматтар бар еді (Қойгелдиев және т.б., 2022: 837). 1929 жылы 16 тамызда олар Алматы түрмесінен Мәскеудің Бутырка абақтысына айдалды. 1930 жылы 4 сәуірде Біріккен саяси Басбасқарманың алқасы (коллегия) 13 кісіні ату жазасына кесті. Осы жазаны алғанның арасында белгілі азаматтардан Ахмет, Міржақыптан кейін Мырзағазының есімін көреміз. Бірақ 1931 жылы 13 қаңтарда жоғарыда аталған алқа үкімі кейбір азаматтар үшін бұзылып, оларды 10 жыл мерзімге жер аударған. М. Есполов мен М. Дулатов Ақ теңіз – Балтық каналының бойындағы Сосновец стансасына, әйгілі Соловкиге айдалған. М. Есполовтың осында жүріп, фельшерлік курстардан өтеді. Басында көмекші фельдшер, кейіннен лагер лазаретінің меңгерушісі болады. 1934 жылы бір саяси науқанның кезінде көппен бірігіп түскен суреті сақталған. Міржақып 1935 жылы қазан айында лагерьдің лазаретінде науқастан қайтыс болады (Әбсеметов, 1990: 9). Мырзағазы ардақты ағасын, жерлесін, идеяласын ақтық сапарға шығарып салады. Мырзағазы Есполов мерзімі айақталғаннан соң да осында қалып қызмет ете береді. 1937 жылы репрессия оты шалып қайта тұтқындалады. 1938 жылы 9 сәуірде Ленинградта «Ерекше Үштіктің» шешімімен атылады. Мырзағазы Есполов екі рет ақталады. 1960 жылы Ленинград қалалық соты Президумының қаулысымен бірінші рет ақталады (Булатова, 2013: 96). 1988 жылы 4 қарашада ҚазКСР Жоғарғы Сотының қылмыстық істер жөніндегі сот алқасының шешімімен М. Есполов екінші рет ақталды.

Қорытынды

М. Есполов — ХХ ғасыр басындағы қазақ зиялыларының көрнекті өкілі, қазақ халқының ұлттық прогресс пен демократиялық дамуын ұран етіп көтерген ірі қайраткер, ағартушы, отты жүректі дара тұлға. Торғай өңірінен шыққан алашордашы Мырзағазы Есполов өзінің кәсіби біліктілігі жағынан Алаш қозғалысындағы ұлттық саяси элита өкілдерінің алдыңғы легінде болды.

Жетпіс жылға жуық уақыт бойы М. Есполов «Халық жауы» - деп аталып, тарих көшінен тиісті орнын ала алмай келгені кұпия емес. Бүгінгі ұрпақ үшін М. Есполовтың қандай ауқымды тарихи міндетті орындағаны енді ғана белгілі болып отыр. Жоғарыда біз көрсеткен тарихи зерттеулер мен деректер Мырзағазы Есполовтың «Алаш» қозғалысындағы өзіндік бір ерекше орны болғандығын және Алаш автономиясының құрылуында белсенді қызмет атқарып, ата-бабамыз аңсаған азат ел болумен, өзінің тәуелсіз мемлекетін құру идеясына үлес қосқандығын

айқын көрсетеді. Дегенмен де, отандық тарих ғылымында Алаш қайраткері Мырзағазы Есполовтың ғұмыры мен қызметін терең зерттеудің қажеттілігі айқын байқалады. Алда, қайраткердің мұрасынан тағылым алу, оны насихаттау, жас ұрпаққа жеткізу міндеті тұр.

Sources

CSA RK – Central State Archive of the Republic of Kazakhstan.
SA RF – State Archive of the Russian Federation.
SA KR – State Archive of Kostanay region.
SA OR – State Archive of the Orenburg Region.

Дереккөздер

ҚО МА – Қостанай облысының мемлекеттік архиві.
ҚР ОМА – Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік архиві.
РФ МА – Ресей Федерациясының мемлекеттік архиві.
ОО МА – Орынбор облысының мемлекеттік архиві.

References

- Abdigaliuly, 2017 — *Abdigaliuly B.* Alash askeri. 1918–1920 jj. [The Alash army. 1918–1920]. Astana: QR Prezidenti janyndagy QSZI, 2017. 392 p. (In Kaz.)
- Alash Orda, 1918 — *Alash Orda.* Jas Azamat, 1918. No. 5. September 1. (In Kaz.)
- Amanzholova, 2013 — *Amanzholova D.* Alash: istoricheskiy smysl demokraticheskogo vybora [Alash: The historical meaning of Democratic Choice]. Almaty: Tajmas, 2013. 400 p. (In Russ.)
- Atanilazov, 1922 — *Atanilazov M.* Alash partiasyna [To the Alash party]. Qyzyl Qazaqstan. 1922. No. 13. 13 p. (In Kaz.)
- Bulatova, 2013 — *Bulatova D.* Espolov. 90 let spustja [Espolov. 90 years later]. Almaty: Umit, 2013. 232 p. (In Russ.)
- Dylatova, 2010 — *Dylatova G.M.* Alashtyn sónbes juldyzdary: estelik-esse [Eternal stars of Alash: memoir-essay]. Almaty: Mektep, 2010. 360 p. (In Kaz.)
- Ilyasova, 2007 — *Ilyasova K.M.* Qazaq ult-azattyq qozgalysy. Qazaq sezderi [Kazakh National Liberation Movement. Kazakh congresses]. Sáyir 1917 j. – jeltoqsan 1919 j.: qujattar men materialdar jinagy. Vol. 4. Almaty: El-shejire, 2007. 352 p. (In Kaz.)
- Járdem juy kerek, 1917 — «*Járdem juy kerek*» [«We need help»]. Qazaq, 1917. No. 222. (In Kaz.)
- Jumysshylar jaynan, 1917 — «*Jumysshylar jaynan*» (Kúnbatys maidanyan), «Adasqan jigitter» [«About the workers» (From the Western Front), «Lost guys»]. Qazaq. 1917. No. 216. (In Kaz.)
- Jurtbai, 2008 — *Jurtbai T.* Uranym – Alash. Túrme áfsanasy [My motto is Alash. Prison legend]. Vol. 1. Almaty: El-shejire, 2008. 432 p. (In Kaz.)
- Jurtbai, 2011 — *Jurtbai T.* Dvizhenie Alash: Sbornik materialov sudebnyh processov nad alashevtsami [The Alash movement: A collection of materials of the trials of Alash residents]. 3-volume edition. Almaty: FF «El-shezhire», 2011. Vol. 2. 376 p. (In Russ.)
- Kozybaeva et al., 2018 — Alash v istorii gosudarstvennosti Kazahstana: idei, sudby, nasledie. Sbornik arhivnyh dokumentov i materialov [Alash in the history of Kazakhstan's statehood: ideas, destinies, heritage. Collection of archival documents and materials]. Comp: M.M. Kozybaeva, Z.T. Sadvokasova, F.R. Lebaev. Almaty: TOO «Litera-M», 2018. 432 p. (In Russ.)
- Martynenko, 1992 — *Martynenko N.* Alash-Orda: Sbornik dokumentov [Alash-Orda: Collection of documents]. Alma-Ata: «Ajkap» small publisher, 1992. 192 p. (In Russ.)
- Qamzabekuly, 1998 — *Qamzabekuly D.* Alashtyn Myrzagazysy [Alash's Myrzagazy]. Juldyz. 1998. July 7. (In Kaz.)
- Qoigeldiev etc., 2002 — *Qoigeldiev M.K., Myrzataeva Z.B., Mirzakulova R.M.* Alash isi. 1920–1930 jj. OGPU jurgizgen jasandy tergeu isiniñ qūjattary men materialdary [The Alash affair of 1920–1930. Documents and materials of the investigative case fabricated by the OGPU]. Birinshi tom. Almaty: «Ízdatelstvo LEM» LLP, 2022. 984 p. (In Russ.)
- Qoigeldiev, 1995 — *Qoigeldiev M.* Alash gozgalysy: oqy quraly [Alash movement]. Almaty, Sanat. 1995.

368 p. (In Kaz.)

Saryarqa, 1919 — *Saiasi ángime* [Political conversation]. Saryarqa. 1919. No. 74. March 26. (In Kaz.)

Seifylin, 2009 — *Seifylin S.* Tar jol taigaq keshy [The narrow road is slippery]. Almaty: Jazyshy, 2009. 432 p. (In Kaz.)

Smagulova etc., 2009 — *Smagulova S.O., Anes G.Q., Zamzaeva T.A.* Qazaq gazetі. 1914 jyl [Kazakh newspaper. 1914]. Almaty: Arys, 2009. 504 p. (In Kaz.)

Tileshov E., Qamzabekuly D., 2014 — *Tileshov E., Qamzabekuly D.* Alash qozǵalysy [Alash movement]. Entsiklopediialyq anyqtamalyq. Almaty: Sardar, 2014. 528 p. (In Kaz.)

Tileshov etc., 2008 — *Tileshov E., Qamzabekuly D., Nurahmetov I.* Alash qozǵalysy [Alash movement]. Almaty: Sardar, 2008. 324 p. (In Kaz.)

Torgai oblysynyn qazagyna, 1917 — *Torgai oblysynyn qazagyna* [Kazakh of Torgai region]. Qazaq. 1917. No. 242. (In Kaz.)

Tugaj, 2018 — *Tugaj T.I.* Orenburgskaja russko-kazahskaja uchitel'skaja shkola v formirovanii nacional'noj intelligencii [Orenburg Russian-Kazakh school of teachers in the formation of national intelligentsia]. Devyatye Bol'shakovskie chtenija. Orenburgskij kraj kak istoriko-kul'turnyj fenomen: sbornik statej mezhdunarodnoj nauchno-prakticheskoj konferencii. Orenburg : Izdatel'stvo OGPU, 2018. 412 p. (In Russ.)

Uyama, 2000 — *Uyama.* The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century (Kimitaka Matsuzato, ed., Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World. Sapporo, 2000. Pp. 70–99. (In Eng.)

Vasil'ev, 1896 — *Vasil'ev A.* Istoricheskij ocherk russkogo obrazovanija v Turgajskoj oblasti i sovremennoe ego sostojanie [Historical sketch of Russian education in the Turgay region and its current state]. Orenburg: Turgajskij obl. stat. komitet, 1896. 226 p. (In Russ.)

Әдебиеттер

Uyama, 2000 — *Uyama.* The Geography of Civilizations: A Spatial Analysis of the Kazakh Intelligentsia's Activities, from the Mid-Nineteenth to the Early Twentieth Century (Kimitaka Matsuzato, ed., Regions: A Prism to View the Slavic-Eurasian World. Sapporo, 2000. Pp. 70–99.

Аманжолова, 2013 — *Аманжолова Д.* Алаш: исторический смысл демократического выбора Историческая монография. Алматы: Таймас, 2013. 400 с.

Атаниязов, 1922 — *Атаниязов М.* Алаш партиясына. Қызыл Қазақстан, 1922. № 13. 13 б.

Әбдіғалиұлы, 2017 — *Әбдіғалиұлы Б.* Алаш әскері. 1918–1920 жж. Астана: ҚР Президенті жанындағы ҚСЗИ, 2017. 392 б.

Булатова, 2013 — *Булатова Д.* Есполов. 90 лет спустя. Алматы: Үміт, 2013. 232 б.

Васильев, 1896 — *Васильев А.* Исторический очерк русского образования в Тургайской области и современное его состояние. Оренбург: Тургайский обл. стат. комитет, 1896. 226 с.

Дулатова, 2010 — *Дулатова Г.М.* Алаштың сөнбес жұлдыздары: естелік-эссе. Алматы: Мектеп, 2010. 360 б.

Ілиясова, 2007 — *Ілиясова К.М.* Қазақ ұлт-азаттық қозғалысы. Қазақ съездері. Сәуір 1917 ж. – желтоқсан 1919 ж.: құжаттар мен материалдар жинағы. Т. 4. Алматы: Ел-шежіре, 2007. 352 б.

Жәрдем жию керек, 1917 — *«Жәрдем жию керек»* // Қазақ. 1917. № 222.

Жұмысшылар жайынан, 1917 — *«Жұмысшылар жайынан»* (Күнбатыс майданынан), «Адасқан жігіттер». Қазақ, 1917. № 216.

Жұртбай, 2008 — *Жұртбай Т.* Ұраным – Алаш. Түрме әфсанасы. 1-том. Алматы: Ел-шежіре, 2008. 432 б.

Жұртбай, 2011 — *Жұртбай Т.* Движение Алаш: Сборник материалов судебных процессов над алашевцами. Трехтомник. Т. 2. Алматы: ФФ «Ел-шежіре», 2011. 376 б.

Козыбаева и т.д., 2018 — *Козыбаева М.М., Садвокасова З.Т., Лебаев Ф.Р.* Алаш в истории государственности Казахстана: идеи, судьбы, наследие. Сборник архивных документов и материалов. Алматы: ТОО «Литера-М», 2018. 432 с.

Қамзабекұлы, 1998 — *Қамзабекұлы Д.* Алаштың Мырзағазысы. Жұлдыз, 1998. 7 шілде.

Қойгелдиев және т.б., 2002 — *Қойгелдиев М.К., Мырзатаева З.Б., Мирзакулова Р.М.* Алаш ісі. 1920–1930 жж. ОГПУ жүргізген жасанды тергеу ісінің құжаттары мен материалдары. 1-ші том. Алматы: ТОО «Издательство LEM», 2022. 984 б.

- Қойгелдиев, 1995 — *Қойгелдиев М.* Алаш қозғалысы: оқу құралы. Алматы: Санат, 1995. 368 б.
- Мартыненко, 1992 — *Мартыненко Н.* Алаш-Орда: Сборник документов. Алма-Ата: Малое издательство «Айкап», 1992 г. 192 с.
- Саяси әңгіме, 1919 — *Саяси әңгіме.* Сарыарқа, 1919. № 74. 26 наурыз.
- Сейфулин, 2009 — *Сейфулин С.* Тар жол тайғақ кешу. Алматы: Жазушы, 2009. 432 б.
- Смағұлова және т.б., 2009 — *Смағұлова С.О., Әнес Ф.Қ., Замзаева Т.А.* Қазақ газеті. 1914 жыл. Алматы: Арыс, 2009. 504 б.
- Торғай облысының қазағына, 1917в — *Торғай облысының қазағына.* Қазақ. 1917. № 242
- Тугай, 2018 — *Тугай Т.И.* Оренбургская русско-казахская учительская школа в формировании национальной интеллигенции // Девятое Большаковские чтения. Оренбургский край как историко-культурный феномен: сборник статей международной научно-практической конференции. Оренбург: Издательство ОГПУ, 2018. 412 с.
- Тілешов және т.б., 2008 — *Тілешов Е., Қамзабекұлы Д., Нұрахметов И.* Алаш қозғалысы. Алматы: Сардар, 2008. 324 б.
- Тілешов және т.б., 2014 — *Тілешов Е., Қамзабекұлы Д.* Алаш қозғалысы. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: Сардар, 2014. 528 б.

МАЗМҰНЫ

ТЕОРИЯ ЖӘНЕ ӘДІСНАМА

Нұрғазина Н.Д., Аманжолова А.Қ. МОҒОЛСТАН МЕН ТЕМІР МЕМЛЕКЕТТЕРІ ТАРИХЫ БОЙЫНША ЖАЗБА ДЕРЕКТЕРДЕГІ ДӘСТҮРЛІ ИСЛАМНЫҢ КӨРІНІСІ.....	646
Саидов И.М. ШАРУА ҒЫНТМАҚТАСТЫҚ САЯСАТЫ: ІЗДЕУ, СТРАТЕГИЯЛАР ЖӘНЕ ТАКТИКА.....	661

ТАРИХ

Асанова Г.К., Әділбектегі Г.Ә., Сайн Ә.Д. ТӘУЕЛСІЗДІКТІҢ АЛҒАШҚЫ ЖЫЛЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР.....	675
Әдиет Қ.Б., Қалиев Ж. XV–XVI ғғ. ҚАЗАҚ ХАНДЫҒЫ ЖӘНЕ МОҒОЛСТАН МЕМЛЕКЕТІ.....	692
Гейноуз Дж., Беркінбаев О.У. ӘБЛПЕЙІЗ СҰЛТАН ЖӘНЕ ОНЫҢ ҰРПАҚТАРЫ.....	704
Еришева Т.А., Қара Ә., Алпысбес М.А. ТАРИХИ ЖАДЫ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚАЗАҚСТАНДА ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ШОЛУ.....	725
Жанқадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А. ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНҒА ҚОНЫСТАНҒАН «СЕНІМСІЗ ХАЛЫҚТАР» ОТАН ТАРИХЫН ЗЕРТТЕУ СЕГМЕНТІ РЕТІНДЕ.....	744
Жылқышыбаева К.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1980–1990 ЖЫЛДАРДАҒЫ ТАРИХИ БІЛІМ БЕРУ.....	758
Қаратаев Ә.Ә. ШЕЖІРЕ БОЙЫНША ҰЛЫ ЖҮЗ ТАЙПАЛАРЫНЫҢ ШЫҒУЫ: ЖОШЫ ҰЛЫСЫ НЕМЕСЕ МОҒОЛСТАН?.....	772
Марғұлан А. XIII–XV ҒАСЫРЛАРДА АҚТӨБЕ-ЛАЕТИ АЛТЫН ОРДА ҚАЛАШЫҒЫНДА ҚЫШ ҰДЫСТАРДЫ ЗЕРТТЕУ.....	790
Сарсембина Қ.Қ., Қозыбаева М.М. САЯСИ ҚУҒЫН-СҮРГІН ЖЫЛДАРЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ӘЙЕЛДЕР ТАҒДЫРЫ (1920–1950 ЖЖ.).....	802
Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж. МЫРЗАҒАЗЫ ЕСПОЛОВ – АЛАШ ҚАЙРАТКЕРІ.....	815
Токишқадиров Б.Б., Бақытжанова А., Қайрат Д.Қ. 1920–1930 ЖЫЛДАР ҚАСІРЕТІ: МОҢҒОЛИЯҒА КӨШКЕН ҚАЗАҚТАР ТАҒДЫРЫ.....	830
Шалманова Ә.Б., Бекназаров Р.А. МОҢҒОЛИЯДАҒЫ ҚАЗАҚТАР: ЭТНОМӘДЕНИ, ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК- ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНА ЖАЛПЫ ШОЛУ.....	843

АНТРОПОЛОГИЯ

Біләлова Г., Хабдулина М. БОЗОҚ ҚАЛАШЫҒЫНДАҒЫ МҰСЫЛМАН ҚОРЫМЫНЫҢ ЖЕРЛЕУ РӘСІМІ.....	856
Иуксел Ф.А., Қаражігітова Ә.Е., Қасенәлі А.Е. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АРХЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР: САН ЖӘНЕ САПА (2021 ЖЫЛҒЫ ДЕРЕКТЕР НЕГІЗІНДЕ).....	869
Ярыгин С., Сакенов С. БУРАБАЙДАН КЕЗДЕЙСОҚ ТАБЫЛҒАН ҚОЛА ДӘУІРІНІҢ ЖӘДІГЕРЛЕРІ.....	885

СОДЕРЖАНИЕ

ТЕОРИЯ И МЕТОДОЛОГИИ

Нургазина Н.Д., Аманжолова А.К. ОТРАЖЕНИЕ ТРАДИЦИОННОГО ИСЛАМА В ПИСЬМЕННЫХ ИСТОЧНИКАХ ПО ИСТОРИИ МОГУЛИСТАНА И ГОСУДАРСТВА ТИМУРА.....	646
Саидов И.М. ПОЛИТИКА КООПЕРИРОВАНИЯ КРЕСТЬЯНСТВА: ПОИСК, СТРАТЕГИИ И ТАКТИКИ.....	661

ИСТОРИЯ

Асанова Г.К., Адильбектеги Г.А., Сайн Э.Д. ПРОБЛЕМЫ ЭКОЛОГИИ В КАЗАХСТАНЕ В ПЕРВЫЕ ГОДЫ НЕЗАВИСИМОСТИ.....	675
Адиет К.Б., Калиев Ж. КАЗАХСКОЕ ХАНСТВО И МОГУЛИСТАН XV–XVI ВВ.....	692
Гейноуз Дж., Беркинбаев О.У. АБИЛПЕЙИЗ СУЛТАН И ЕГО ПОТОМКИ.....	704
Еришева Т.А., Кара А., Алпысбес М. ИЗУЧЕНИЕ ПРОБЛЕМЫ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ В КАЗАХСТАНЕ: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ ОБЗОР.....	725
Жанкадамова Г.А., Оспанова Р.Р., Кариева Т.А. РАССЕЛЕННЫЕ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ «НЕБЛАГОНАДЕЖНЫЕ НАРОДЫ» КАК СЕГМЕНТ В ИЗУЧЕНИИ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ИСТОРИИ.....	744
Жылкышыбаева К.К. ИСТОРИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ (1980–1990 ГГ.).....	758
Каратаев А.А. ПРОИСХОЖДЕНИЕ ПЛЕМЕН СТАРШЕГО ЖУЗА ПО ШЕЖИРЕ: УЛУС ДЖУЧИ ИЛИ МОГУЛИСТАН?.....	772
Маргулан А. ИЗУЧЕНИЕ ГОНЧАРНОЙ КЕРАМИКИ В ЗОЛОТООРДЫНСКОМ ГОРОДИЩЕ АКТОБЕ-ЛАЭТИ В XIII–XV ВЕКАХ.....	790
Сарсембина К.К., Козыбаева М.М. СУДЬБЫ КАЗАХСТАНСКИХ ЖЕНЩИН В ГОДЫ ПОЛИТИЧЕСКИХ РЕПРЕССИЙ (1920–1950 ГГ.).....	802
Тастекова Г.Б., Алпысбес М., Ураков Д.Ж. МЫРЗАГАЗЫ ЕСПОНОВ – ДЕЯТЕЛЬ АЛАШ.....	815
Токишкадиров Б.Б., Бакытжанова А., Кайрат Д.К. ТРАГЕДИЯ 1920–1930-Х ГГ.: СУДЬБА КАЗАХОВ, ПЕРЕЕХАВШИХ В МОНГОЛИЮ.....	830
Шалманова А.Б., Бекназаров Р.А. КАЗАХИ В МОНГОЛИИ: ОБЩИЙ ОБЗОР ЭТНОКУЛЬТУРНОГО, ДЕМОГРАФИЧЕСКОГО И СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ.....	843

АНТРОПОЛОГИЯ

Билялова Г., Хабдулина М. ПОГРЕБАЛЬНЫЙ ОБРЯД МУСУЛЬМАНСКОГО НЕКРОПОЛЯ ГОРОДИЩА БОЗОК.....	856
Иуксел Ф.А., Каражигитова А.Е., Касенали А.Е. АРХЕОЛОГИЧЕСКИЕ ИССЛЕДОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ: КОЛИЧЕСТВО И КАЧЕСТВО (НА ОСНОВЕ ДАННЫХ ЗА 2021 ГОДА).....	869
Ярыгин С., Сакенов С. СЛУЧАЙНЫЕ НАХОДКИ ЭПОХИ БРОНЗЫ ИЗ БУРАБАЯ.....	885

CONTENTS

THEORY OF METHODOLOGY

Nurtazina N.D., Amanzholova A.K. REFLECTION OF TRADITIONAL ISLAM IN WRITTEN SOURCES ON THE HISTORY OF MOGHULISTAN AND TIMUR'S STATE.....	646
Saidov I.M. POLICY OF COOPERATION OF THE PEASANTRY: SEARCH, STRATEGIES AND TACTICS.....	661

HISTORY

Assanova G., Adilbektegi G., Sain E. ECOLOGICAL PROBLEMS IN KAZAKHSTAN IN THE FIRST YEARS OF INDEPENDENCE.....	675
Adiyet K., Kaliev Zh. KAZAKH KHANATE AND MOGHOLISTAN (15th–16th CENTURIES).....	692
Gainous J., Berkinbaev O.U. ABILPEIZ SULTAN AND HIS DESCENDANTS.....	704
Yerisheva T., Kara A., Alpysbes M. STUDYING OF THE HISTORICAL MEMORY PROBLEM IN KAZAKHSTAN: A HISTORIOGRAPHICAL REVIEW.....	725
Zhankadamova G.A. Ospanova R.R., Kariyeva T.A. "THE UNRELIABLE PEOPLES" DISPERSED IN EASTERN KAZAKHSTAN AS A SEGMENT IN THE STUDY OF DOMESTIC HISTORY.....	744
Zhylkyshybayeva K. HISTORICAL EDUCATION IN KAZAKHSTAN IN 1980–1990.....	758
Karatayev A.A. ORIGIN OF THE TRIBES OF THE SENIOR ZHUZ ACCORDING TO SHEZHIRE: ULUS JUCHI OR MOGULISTAN?.....	772
Margulan A. THE STUDY OF POTTERY CERAMICS IN THE GOLDEN HORDE SETTLEMENT OF AKTOBE-LAETI IN THE XIII–XV CENTURIES.....	790
Sarsembina K.K., Kozybayeva M.M. THE FATE OF KAZAKHSTAN WOMEN DURING THE YEARS OF POLITICAL REPRESSIONS (1920–1950).....	802
Tastekova G.B., Alpysbes M.A., Urakov D.Zh. MYRZAGAZY ESPOLOV – ALASH ACTIVIS.....	815
Tokishkadirov B.B., Bakytzhanova A.B., Kairat D.K. TRAGEDY OF THE 1920–1930S: THE FATE OF THE KAZAKHS WHO MOVED TO MONGOLIA.....	830
Shalmanova A., Beknazarov R. KAZAKHS IN MONGOLIA: A GENERAL OVERVIEW OF THE ETHNOCULTURAL, DEMOGRAPHIC AND SOCIO-ECONOMIC DEVELOPMENT.....	843

ANTHROPOLOGY

Bilyalova G., Khabdulina M. THE FUNERARY RITUAL IN THE MUSLIM BURIAL GROUND OF THE BOZOK SETTLEMENT.....	856
Yuksel F.A., Karazhigitova A., Kassenali A. ARCHAEOLOGICAL RESEARCH IN KAZAKHSTAN: QUANTITY AND QUALITY (ACCORDING TO THE DATA OF 2021).....	869
Yarygin S., Sakenov S. CHANCE FINDS OF THE BRONZE AGE FROM BURABAY.....	885

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми

журналы 2023. 10 (4)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Копеева С.Ж.

Жарияланған күні: 25.12.2023.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 21,125.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым
комитеті Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМҚ

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ
РМҚ Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
